

«Балақай-Алақай» ЖШС бөбекжай балабақшасы

Меңгеруші жанындағы кеңес хаттамалары

2024-2025 оқу жылы

ЖШС «Балақай-Алақай» балабақшасы

**Меңгеруші жанындағы 2024 оқу жылына арналған кеңес
отырысының**

№ 1 хаттамасы

Жиналыс төрайымы: Ахова Р

Хатшы: Д. Рузиева

10.09.2024ж

Қатысқаны: 5

Қатыспағаны: 0

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

- 1.Топтардың жабдықталуы және жаңа оқу жылына дайындығы***
- 2.«Мемлекеттік тіл-менің тілім» іс-шарасын бекіту дайындық***
- 3.Жалпы ата-аналар жиналысына дайындық***
- 4.«Алтын күз» мерекесінің бағдарламасын бекіту.***

Тыңдалды :

– мәселе бойынша меңгеруші: Жаңа оқу жылының басталуына байланысты балабақшада үлкен жұмыстар жүргізілді. Әр топтың тазалығы, мүліктерінің палылығы, ыдыс, төсек орныдарының жайлылығын ретке келтірдік. Алдымен топтағы жиһаздардың құрамы, орналасуы, бүтіндігі қаралады. Ыдыс – аяқтың тазалықтығы, сынғандары болса ауыстырылды. Жатын бөлменің жабдықтарын тексергендеп, ол бөлменің жарық, жылы болуын қадағаладық. Сабақ өтетін парталарға аяқтың тазалығын тексердік, гүлдердің көп болуына үлкен мән берілгендігін айтты. Парталардың ән мен дене, би сабақтарына баратын бөлмелердің де жағдайлары толық тексерілді. Сондай – ақ ас мәзірінің сапасы, әрі уақытылы берілуін қатаң бақылау жұмыстары жүргізілгендігін айтты.

- мәселе бойынша «Мемлекеттік тіл-менің тілім» іс-шарасына тәрбиешілердің дайындығын және ата-аналар жиналысын ұйымдастырылуына көңіл бөліп қадағалап бірігуі жайлы сөз етті. Құжаттарды реттеу керек екенін басты назарда ұстады.

мәселе Ата-аналар жиналысын ұйымдастырылуы керек екенін және балабақша меңгерушісі ата-аналар комитетін сайлау және ұжыммен таныстыру жаңа ата-аналармен танысу жайлы сөз етті.

мәселе бойынша Алтынқұз меркесінің бағдарламасымен таныстырып өтті тәрбиешілер.

Шешімі:

құжаттарды реттеу, сапасын тексеру балабақша меңгерушісіне жүктелсін.
оператордың жабдыкталуы және жаңа оқу жылына дайындығы балабақша басшысына жүктелсін.
құжаттардың жүргізілуіне балабақша әдіскері жауапты болып табылсын.

Кеңес төрайымы:

Хатшы:



Ахова Р

Д.Рузиева

**Меңгеруші жанындағы кеңестің
№2 хаттамасы**

08.11.2024ж

Күн тәртібі:

1. Өкен кеңестің шешімінің орындалуы жөнінде
2. «Тәрбиешілердің серуен бөлімдерін дұрыс жоспарлау» Тақырыпты тексерудің қортындысы.
3. Тіл апталығы «Алтын күз» мерекелерін талқылау.
4. Тәуелсіздік күні , Жаңа жыл мерекелерінің бағдарламасын бекіту.

1.Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі Ахова сөз алды: Бала тәрбиесі өте жауапты іс. Сол жауапты істі міндетімізге алған соң , адал атқаруға әрекет етейік.

Өз елін құрметтеп, ұлтжанды болуға, үлкендер еңбегін сыйлауға, Отанға деген сүйіспеншілік, тілге, ұлтымызға, салт –дәстүрімізге деген осы балабақшадағы баспалдақтан бастауды жөн көреміз. Еліміздің рәміздерін біліп, үлкен қалаларымыздағы мәдени орындар мен әсем ғимараттардың атауын білулері қажет. Осы мазмұндарға, тақырыпқа сай дамытушы орталарды толықтырып, көрекіліктер дайындалуы керек, деді.

2.Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі Ахова.Р балбақшада өткен «Алтын күз» мерекесінің өткізілгені жөнінде тоқталды. Мерекеге зал күз көрінісін беретіндей безендірілген.Балалар жақсы өнерлерін көрсетті, тек нөмерлерінің арасы үзіліліп қала берді. . Ол дұрыс емес. Сахнаға шығып қағазға карап тұрған өте ыңғайсыз көрінеді. Педагогқа үлкен сын.

Маған ұнағаны «Қырманға кел, қалақатай» әніне балалардың көрініс көрсеткені. Көз алдыма еңбекші қазақ ауылы, дала қырман елестеді. Маңдай терін сүртіп, еңбектеніп жүрген жігіттер, дәнді ысырап етпей жинап алуға ұмтылуда. Балалар өте әдемі алып шықты.

2.Екінші мәселе

Балабақша жылдық жоспарындағы бақылау мен басшылық жоспары бойынша Ересек топ балаларын салауатты өмір салтына тәрбиелеудегі »Тәрбиенушілердің серуен бөлімдерін» дұрыс жоспарлануы туралы Балабақша меңгерушісі:Р. Ахова тоқталып өтті.

3.Үшінші мәселе :Тіл апталығы менАлтын күз жайлы тәрбиешілер өз ойларымен бөлісті.

4.Тыңдалды: Жаңа жылдық шырша мерекесінің жоспарлануы мен өткізілуі жөнінде балабақша әдіскері сөз алды.

Балаларға жаңа жылды сезінуде жақсы көңіл кү сыйлап, қуаныш сыйлауда үлкен дайындық керек.өткен жылды шығарып салып , жана жылын қарсы аламыз.түрлі костюмдер тігіп дайындауды жоспарлайық. Ата –аналар жиналысын өткізіп, мерекелік костюмдер туралы, шыршаны безендіріп, қауіпсіздік ережелерімен таныстырып, мерекені қызықты, бірге атап өтуге шақырайық деді.

Сөйлегендер: Тәрбиеші: Жақыпова Бізде де жаңа жылдық әндер, тақпақтар және «Қар ханшайымы» ертегісінен үзінді бар. Аяз атамен ойындар жоспарлап отырмыз. Билер көп болып тұр.

Басқа топ тәрбиешілерді жоспарларымен қысқаша таныстырып өтті. Балабақша меңгерушісі Р.Ахова Тәуелсіздік күніне ортаңғы топтың тәрбие сағатын өтуін, жасыл шырша мерекесін екі топтың өтетін күндерімен уақыттарын белгілеп көрсетті.

Шешім

1. Кеңес шешімдерінің орындалуын қадағалансын. Жауапты: Әдіскер Р.Аховаға
2. Ортаңғы топтағы берілген ұсыныстар толықтырылсын, жалпы салауатты өмір салтына тәрбиелеу жұмыстарын жүйелі жүргізілсін. Жауапты: тәрбиеші Ж.Құдайберген мен А.Жақыпва
3. Жасыл шырша мерекесі 27 желтоқсан күні атап өтілсін. Жауапты: әдіскер, тәрбиешілер

Төрайым:

Хатшы:



Р.Ахова

Д.Рузиева

Меңгеруші жанындағы кеңестің
№ 3 хаттамасы

30.12.2024ж

Қатысқандар: 12

Күн тәртібі:

- 1.Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы жөнінде
- 2.Тәуелсіздік күні ,жаңа жыл мерекесін талқылау
- 3.Балалардың даму деңгейінің индикаторы аралық мониторингтің жүргізілуі

1.Тыңдалды: Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы

Сөйледі: Р.Ахова балабақша меңгерушісі ана тілін және мемлекеттік тілді меңгерген, құрдастарымен және ересектермен еркін қатынас жасай алатын тұлға қалыптастыру. Жас ерекшелігіне қарай балалармен ойын түрінде балаларды дыбыстарды дұрыс айтуға, мәнерлеп әңгімелеуге, сөздік қорын байытуға жұмыс жасау

2.Тыңдалды: Тәуелсіздік күні, жаңа жыл мерекелерінің өтілуін талқылау.

Сөйледі: Д.Рузиева– тәрбиеші Тәуелсіздік мерекесі балаларға үлкен зор әсер қалдырды. Еліміздің Туы, Елтаңбасы, Әнұраны жөнінде әңгімелер мен әндер орындалды.Отан туралы қызықты, әсем қала Астана туралы тақпақтар жаттап, балалардың туған ел туралы түсініктері кеңейіп, тіл байлығы артты.

Сөйледі: Ж.Құдайберген– тәрбиеші осындай мерекелерді балалар әр ұлттың өз мәдениеті, тарихы, тұрмысы мен ерекшеліктерін ажырата біледі. Тарихи және мәдени құндылықтарын, бірлігін түсінеді. Басты байлық – тыныштық, бейбітшілік екенін түсінеді. Ол байлықты сақтау үшін үлкен күш жұмсалатынын түсінеді, Отанын сүйіп, құрметтейтін болады.

Сөйледі: Р.Ахова әдіскер-тәрбиеленушілер Біртұтас тәрбие бағдарламасын аясында көптеген жетістіктерін Тәуелсіздік мерекесінде көрсете білді.Сонымен қатар жаңа жылдық шырша мерекесінен балалар көп сыйлық қуаныш күтеді, ата-аналар да оған дағдыланып қалды. Әр мереке өзінше қызық өтеді. Биылғы жаңа жылының кереметтері, қызықтары да аз болған жоқ.Қаршақызбен кішкентай бүлдіршіндеріміз гномдар, ақшақарлар биін билеп сүйсіндірді деп өз сөзін аяқтады.

Сөйледі: Д.Рузиева – тәрбиеші біздің топтың балалары да барлығы жаңа жылдық әдемі киімде болды. Балаларымыз қатты қуанды. Тәтті тілдерімен жаттаған тақпақтарын айтып, ата-аналарын қуантты. Балалар өздерін жақсы ұстады. Ұжым болып, хор айтып ,би биледі татулық таныта білді. Музыка

әуеніне ілесе отырып ән айтып, Аяз атамен ойындар ойнадық. Ата-аналар ризашылығын білдіріп жатты. Сыйлықтарға балалар қатты қуанды. Жаңа жылдық шыршаға, залдың безендірілуі бәрі бүлдіршіндерге қуаныш пен шаттық әкелді деп ойлаймын.

5. Тыңдалды: Балабақша әдіскері Р.Ахова аралық мониторинг қорытындысымен қалай жұмыс жүргізу, толтыру жөнінде түсіндіріп өтті. Балаларды үш кезеңмен диагностика жасап, педагог балаларды бақылайды, бақылау парағымен топ бойынша біліктілігін бағаласа, даму картасына балаларды жеке дамуының педагогикалық үдерістің міндеттерін анықтайды. Аралық мониторинг баланың жас ерекшелігінде, бастапқы мониторинг қорытындысы нәтижесінде алынады деп түсіндірді. Қаңтар айының үшінші апта аралығында өткізуді тапсырды.

Шешімі:

1. Кеңес шешімдерінің орындалуын қадағалансын.

Жауапты: Әдіскер Р.Ахова

2. Тәуелсіздік күні, жаңа жыл мерекелері өз деңгейінде өтілді.

Тәрбиешілер шығармашылық білімдерін одан әрі ізденсін.

3. Қаңтардың екінші апта аралығында балалардың білім-біліктілік деңгейін анықтау басталсын. Аралық Мониторинг жүрізілсін.

Жауаптылар: Әдіскер Тәрбиешілер

Төрайым:

Хатшы:



Р.Ахова

Д.Рузиева